

Венчурлік фирмалар құрудың тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 3 шілде 1995 ж. N 908. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Ғылымды көп қажет ететін өндірісті дамыту, жеке адамдар мен басқа да бюджеттік емес көздердің қаражатын тарту негізінде тиімділігі жоғары жаңа технологияларды өнеркәсіптік енгізу мен игеруді жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Венчурлік фирмалар туралы Үлгі ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).
2. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі Экономика министрлігімен және Қаржы министрлігімен бірлесе отырып, республикада ғылыми-техникалық әзірлемелерді енгізу мен игеру жөніндегі кәсіпкерлік қызметті қолдауға бағытталған бағдарлама дайындалсын.
3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мүдделі министрліктермен, ведомстволармен және ұйымдармен бірлесе отырып, венчурлік фирмаларға олардың бейінін есепке ала отырып, бос өндіріс үй-жайларын, қолданылмайтын жабдықтар мен кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту үшін көзделген ресурстардан басқа да материалдарды белгіленген тәртіппен бөлсін.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - м и н и с т р і н і ң*

бірінші орынбасары

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 5 ж ы л ғ ы 3 ш і л д е д е г і
N 9 0 8 қ а у л ы с ы м е н
БЕКІТІЛГЕН

Венчурлік фирмалар туралы

ҮЛГІ ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Бұл Ереже "Қазақстан Республикасындағы ғылым және мемлекеттік ғылыми-техникалық саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес әзірленді.
2. Венчурлік фирмалар аса тиімді даярламалар мен технологияларды жеделдетілген түрде өнеркәсіпке енгізу, игеру және олардың негізінде

ғылыми-технологиялық салаға жеке меншік және бюджеттен тыс қаржы тарту есебінен республика экономикасының басымдықтарына сәйкес ғылымды көп қажет ететін өндірістерді дамыту мақсатымен құрылады.

3. Венчурлік фирмалар шаруашылық жүргізуші субъектілер ретінде жеке меншік негізінде құрылады, заңды тұлға құқығын иеленеді және өз қызметін өзін-өзі қаржыландыру принципіне жүзеге асырады. Венчурлік фирмалар өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын, сондай-ақ осы Ережені және Жарғыны басшылыққа алады.

4. Венчурлік фирмалар тағайындалған жеңілдіктерді пайдаланады, кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуға бағытталатын кредит ресурстарын алу құқығын Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес иеленеді.

II. Енгізу қызметін жүзеге асыру тәртібі

5. Венчурлік фирмалар жаңа тиімді технологиялар мен әзірлемелерді өнеркәсіптік енгізуді, игеру мен іс жүзінде коммерциялық пайдалануды:

өнеркәсіптік меншікті (патенттер, өнертабыстар, ноу-хау және басқалары) и е л е н у қ ұ қ ы ғ ы ;

өнеркәсіптік меншікті иеленушілермен лицензиялық шарттар;
өнеркәсіптік меншікті пайдалану жөнінде заңда белгіленген өзге құқықтар;
ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижелерін жүзеге асыруға бөлінетін кредит қаражатын нысаналы пайдалану;
жоғары оқу орындарымен, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының, Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясының, салалық министрліктердің институттарымен тікелей өзара қарым-қатынастар;
мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптау органдарының қорытындысы негізінде жүзеге асырады.

6. Өнеркәсіптік меншікті пайдалану жөнінде венчурлік фирмалардың өнеркәсіптік меншікті иеленушілермен жасасатын лицензиялық шарттары белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық патент ведомствосында міндетті түрде тіркелуге жатады, онсыз аталған шарттар жарамсыз деп е с е п т е л е д і . < * >

ЕСКЕРТУ. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен.

III. Венчурлік фирмалар құру тәртібі.

Құрылтай құжаттары

7. Венчурлік фирмалардың құрылтайшылары заңды және жеке тұлғалар бола а л а д ы .

8. Құрылтай құжаттарының тізімі мен олардың мазмұнына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен б е л г і л е н е д і .

9. Венчурлік фирмаларды тіркеу Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүзеге асырылады. Венчурлік фирмалардың мемлекеттік тіркелусіз қызмет атқаруына тыйым салынады.

10. 4-тармаққа сәйкес енгізу қызметіне нысаналы мемлекеттік қолдау құқығы венчурлік фирмада мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптау органдарының қорытындысы бойынша пайда болады.

IV. Қаржыландыру, есеп беру және бақылау

11. Венчурлік фирмалардың қаражатын қалыптастыру көздері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген бюджеттік емес кез-келген қаржы көздері, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шеңберінде осы мақсаттарға бағытталатын орталықтандырылған кредиттер бола алады.

12. Венчурлік фирмалар өз қызметі нәтижелерінің есеп-қисабын жүргізеді, бухгалтерлік және статистикалық есеп жүргізеді, оның дұрыстығы үшін жауап береді. Венчурлік фирмалар салықтар және басқа міндетті төлемдер төлейді және салық заңдарына сәйкес олардың толық әрі уақтылы төленуі үшін жауапкершілікте болады.

V. Венчурлік фирмалардың қызметін тоқтату

13. Венчурлік фирмаларды тарату мен қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, ажырату, бөлу, қайта құру) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүргізіледі.

14. Жарғыдағы барлық өзгертулер, ұйымдық-құқықтық нысанның, мәртебенің өзгеруін, қызметтің ауысуын қоса алғанда, белгіленген тәртіп бойынша енгізіледі.